

Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша

№ _____ келісім-шарт

«__» қыркүйек 2024 ж.

(мекен жай атауы)

ЖК «Калимбетов Д.Ж.» 23.02.2019ж. № KZ50TWQ00541473 талонның негізінде жұмыс атқарушы басшысы Қалымбетов Данияр Жумабекович (бұдан әрі – Орындаушы) бірінші тараптан, және Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының оқушысы

(білім алатын баланың сыныбы, тегі есімі, әкесінің есімі)

анасы, әкесі, заңды өкілі

(дұрысының астын сызыңыз)

(толық - тегі, әкесінің есімі, өзінің есімі)

(бұдан әрі – Ата-ана) екінші тарап, бірлесіп бұдан әрі - «Тараптар» деп аталып, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 4-бабының 25-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидаларына» (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес төмендегі келісім-шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады:

Келісім Шартқа түсінік

Түркістан облысының «Адами әлеуетті дамыту басқармасы» Мемлекеттік мекемесі және Жеке кәсіпкер Қалымбетов Д.Ж араларында, Түркістан облысының білім беру саласындағы Жеке әріптесті анықтау Конкурстық комиссиясының 2019 жылғы 20 қыркүйектегі хаттамасына сәйкес, Түркістан облысы бойынша 20 мектеп-интернаттарында асханаларды «Пайдалану және Жаңғырту» Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы негізінде келісім Шарт түзілген.

Шарт негізінде Оқушылардың тамақтануын Ұйымдастырушы болып Білім мекемелері (20 мектеп-интернаттары) танылған.

1. Шарттың мәні

1.2. Орындаушы Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының мектеп асханасында оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметін көрсетуге міндеттенеді, ал Ата-ана Орындаушымен көрсетілген қызметтің ақысын төлеуге міндеттенеді.

1.3. Орындаушының көрсететін қызметі – нормативтік актілер бойынша ас мәзірін дайындау, үздіксіз ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Орындаушы міндетті:

2.1.1. Ұйымдастырушы берген мәліметке сай (оқушылардың тізімі) оқушыларды күнделікті сапалы ыстық тамақпен қамтамасыз етуге;

2.1.2. Қызмет көрсету барысында Оқушылардың тамағының сапасына қатаң түрде бақылау және көңіл бөлуге;

2.1.3. Орындаушының аймақтық өкілдерінен, оқушылардың тамақтану барысында тағайындалған ас мәзірі, Оқушыларға ұнағандығы немесе ұнамағандығы жөнінде күнделікті мәлімет алуға;

2.1.4. Орындаушының аймақтық өкілдері жіберген хабарламаға сай ас мәзірінің өзгертілуіне ықпал жасауға;

2.1.5. Ұйымдастырушыға әрбір оқушы бойынша төлемнің жасалған/жасалмағаны туралы хабарлама беруге.

2.1.6. Осы келісім шарттың 2.2.2. тармағына сай белгілі болған жеке мәліметті құпияда ұстауға, жария етпеуге және тек осы Келісім шартта көрсетілген мақсатта қолдануға, жинауға, өңдеуге және сақтауға.

2.2. Орындаушы құқылы:

2.2.1. Ата - аналармен қандайда бір келіспеушіліктер болып жатса ауызша немесе жазбаша түрде ескертулермен сұрақтарды шешуге. Ауызша немесе жазбаша түрде туындаған сұрақтар шешілмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заң талаптарына сай сұрақтарды шешуге.

2.2.2. «e-ashana» қосымшасы арқылы қызметтер көрсету мақсатында Ата-ана және Ата-ананың жазбаша рұқсатымен білім алушы бала жөнінде жеке мәліметті жинауға, өңдеуге және сақтауға.

2.3. Ата-ана міндетті:

2.3.1. Осы Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген қызметтер үшін Орындаушыға ай сайын ағымдағы айдың 10-шы күнінен кешіктірмей, Орындаушының есеп шотына немесе «e-ashana» қосымшасы арқылы төлем ақы жүргізуге;

2.3.2. Төлем ақыны Орындаушының есеп шотына немесе «e-ashana» қосымшасына жолдауға мүмкіншілік болмаған жағдайда төлем ақыны Қолма-қол Орындаушының аймақтық менеджерлері арқылы жүзеге асыруға;

2.3.3. Төлемді Орындаушының аймақтық өкілдері арқылы жүзеге асыру барысында келесі деректерді көрсетуге;

-баланың оқитын мектебі туралы мәлімет (мектеп аты, номері, мектептің орналасқан жері);

-баланың тегі, есімі, ата анасының немесе өкілінің есімі толық;

-төлем жүргізілетін кезең.

2.3.4. «e-ashana» қосымшасы арқылы қызметтер алу мақсатында Орындаушыға Ата-ана мен білім алушы бала жөнінде жеке мәліметті жинауға, өңдеуге және сақтауға жазбаша рұқсат беруге (Қосымша №2).

2.4. Ата-ана құқылы:

2.4.1. Мәзірімен танысуға;

2.4.2. Орындаушыға ауызша және жазбаша «e-ashana» қосымшасында тамақтану сапасына қатысты объективті наразылықтарды көрсетуге;

2.4.3. Ұйымдастырушы және Орындаушының аймақтық өкілдерінің қатысуымен Оқушылардың тамақтануына бақылау жүргізуге қатысуға;

2.4.4. Күнделікті ас мәзірі бойынша қандайда бір кемшіліктер болған жағдайда Орындаушының аймақтық өкіліне жылдам хабарлауға. Орындаушының аймақтық өкілімен айтылған кемшіліктер жойылмаған жағдайда Орындаушының басшысына хабарлауға;

2.5. Оқушының уақытында тамақтанбауына, қызметтің көрсетілмеуіне Ұйымдастырушы немесе Ата-ана кінәлі болып жатса, Қызмет көрсетілген болып саналады, сол көрсетілген қызметке толық көлемде ақы төленеді.

3. Көрсетілген қызметтердің құны және есептеу тәртібі.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидаларына» сәйкес ыстық тамақтың (астың) Ата-аналар төлейтін 20% сомасы Келісім Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 1-ші қосымшада көрсетілген және 20% сомасы өзгертілген жағдайда тек қосымшамен реттеледі.

3.1. Ата-ана ай-сайын Орындаушымен көрсетілген қызмет үшін төлем ақыны әр айдың 10-шы жұлдызына дейін Орындаушының Банктегі есеп-шотына немесе «e-ashana» қосымшасы арқылы жолдайды, болмаса Орындаушының аймақтық өкілі арқылы қолма-қол есеп (төлем) жүргізеді.

3.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң талаптарына сай Орындаушымен көрсетілген қызмет үшін төлем ақының қандайда бір бөлігін Мемлекет жүзеге асыратын болған жағдайда, Ата-ана ай-сайын төленетін ыстық тамақ және басқада тамақтар үшін төлем ақының 20 пайызын әр айдың 10 жұлдызынан кешіктірмей Орындаушының Банктегі есеп-шотына жолдайды, немесе Орындаушының аймақтық өкілі арқылы қолма-қол есеп (төлем) жүргізеді.

Ақша қаражатын Орындаушының есеп шотына аударған жағдайда комиссиялық төлем Ата-анадан алынады.

3.3. Осы Шарт бойынша көрсетілген қызметтерге ақы төлеуді Ата-ана жүргізеді.

3.4. Төлем болмаған жағдайда Орындаушы қарызға тамақтандырады. Қарыз 30 күнен асып кеткен жағдайда тамақтану толық берешекті өтеуге дейін тоқтатылады.

3.5. Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда оқушы шотында қалған қаражат Ата-ананың жазбаша өтініші бойынша және салыстырып тексеру қорытындысы бойынша Орындаушымен қайтарылады.

3.6. Орындаушымен көрсетілген қызмет үшін Ата-ана тараптарынан төлем ақыны алдын-ала төлеуге рұқсат етіледі.

3.7. Көрсетілген қызметтің құны бір тарап екінші тарапты жазбаша немесе ауызша түрде ескертілулері бойынша өзгертілуі мүмкін.

4. Шарттың қолданылу мерзімі

4.1. Қол қойылған күніне қарамастан Шарт 2024 жылдың 01 қыркүйегінен бастап өз күшіне енеді және баланы оқытудың барлық кезеңінде жүзеге асырылады.

4.2. Жыл соңына бір тараптан басқа тараптарға келісім шартты бұзу туралы хабарлама келмеген жағдайда, келісім шарт келесі жылға өз күшіне еніп орындалуын жалғастырады.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң талаптарына сәйкес жауапты болады.

6. Шартты өзгерту және тоқтату

6.1. Шартты бұзу тараптардың келісімімен жүзеге асырылады.

6.2. Бір жақтамалық шартты бұзу екінші тарапты бір ай (отыз күн) алдын жазбаша түрде ескерту арқылы жүзеге асырылады.

6.2.1. Жазбаша түрде түскен ескертулер Тараптармен 5 (бес) күн ішінде қаралуы тиіс.

6.3. Осы Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде тараптардың келісімімен жүзеге асырылады.

Қосымша

(мекен жай)

Оқушыларды тамақтандыру туралы мәлімет кестесі

(мектептің толық атауы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидаларына» сәйкес ыстық тамақтың (астың) ата-аналар төлейтін бір күндік 20% сомасы 581,69 теңге


№	Ата-ананың тегі, есімі, әкесінің есімі (қысқаша)	Тамақтанатын баланың тегі, есімі (қысқаша)

ЖК Қалымбетов Данияр Жумабекович
Қарағанды қаласы,
Степной-1 шағын ауданы, құрылыс 2/2
ЖСН 760115301724

Ата-ана

_____ (тегі, әкесінің есімі, өзінің есімі, сым тегі)

ЖК



/Қалымбетов Д.Ж./



_____ КОЛЫ